

## Мұнай өнімдерінің нарығы. «PETROSUN» ЖШС-нің АҒЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Алматы қ.  
20 шілде 2023 жыл

«PETROSUN» ЖШС-нің мұнай өнімдерін АЖҚС желілеріне сатудан негізсіз секілді бас тартулары және ЖЖМ-ді тек таңдаулы контрагенттердің шамалы санына ғана санына сатуы туралы жарияланымдарға жауап ретінде компания келесіні хабарлайды.

### 1. Дизель отынын басымдықпен жеткізу.

2022 жылғы тамыздан бастап ҚР ішкі нарығында дизель отынының өткір тапшылығына байланысты мұнай өнімдерінің айналымы саласындағы уәкілетті орган – Энергетика министрлігі нарықты дизель отынымен қамтамасыз ету жөніндегі мәжілістерде ресурс иелеріне (соның ішінде «PETROSUN» ЖШС-не) бөлшек сауда субъектілері - АЖҚС-қа жеткізуді іске асырып тұруды ұсынды. ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары өткізген кеңес хаттамасында да дизель отынын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге басымдықпен жеткізу және дизель отынының негізгі көлемін АЖҚС-қа өткізу қажеттілігі айтылған.

ҚР Үкіметінің нарықты тұрақтандыру бойынша қолданған барлық шаралары (басқалардың арасында «PETROSUN» ЖШС-мен орындалатын) мен ұсынымдары ішкі нарықты дизель отынымен қамтамасыз етуге оң әсерін тигізді. Бұл делдалдарды шығарып тастауға және еліміздің ең ірі үш мұнай өңдеу зауыты өндіретін мұнай өнімдерін мақсаты бойынша – тікелей тұтынушыға арнап толық пайдалануға мүмкіндік берді.

Тікелей тұтынушыларға жеткізу тәжірибесі кейінірек (2023 жылғы наурыздан бастап) «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заңда көрініс тапты. Заңнамадағы жаңалықтарға байланысты және дизель отынының қозғалысын бақылауды жеңілдету мақсатында ҚР үш ірі мұнай өңдеу зауыты АЖҚС-қа және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеткізу үшін ДО-ға арналған екі жаңа ДСН-кодты енгізді. Сондай-ақ «PETROSUN» ЖШС компанияның веб-сайтында жалпыға қолжетімді түрде жарияланған Мұнай өнімдерін сатып алуға сауалдарды қабылдау регламентіне тиісті талаптарды енгізді.

### 2. Мұнай өнімдерін таңдаулы контрагенттердің аз санына үздік шарттармен өткізу.

«PETROSUN» ЖШС-нің мұнай өнімдерін жеткізу тәртібі 2021 жылы қабылданған ҚР мұнай өнімдерін өткізу бойынша тауар нарығында қызметін жүзеге асыратын нарық субъектісінің Монополияға қарсы компаенстің (бұдан әрі – Компаенс) сыртқы актісімен регламенттелген. Құжатты ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі оң бағамен қарап шықты.

Компаенске сәйкес, «PETROSUN» ЖШС басымдық тәртіппен келесі нарыққа қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады: (тұтынушылардың үлестері 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша берілген)

- Операторлар – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, оларға 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында **Көктемгі егіс жұмыстарын арзандатылған дизель отынымен**

**қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны** (ақпаннан қарашаға дейін әрекет етеді) қолдану кезеңі барысында PETROSUN дизель отынының барлық ресурстарының 25%-ға дейінгі көлемі жеткізілді. Бағдарлама аясында «PETROSUN» ЖШС жалпы республика бойынша көктемгі және дала жұмыстарына арналған ДО жалпы көлемінің 64 пайызын жеткізетін болады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында арзандатылған дизель отынын үлестіру «PETROSUN» ЖШС құзыретіне жатпайды, **оны жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.**

- ҚР Энергетика министрлігі бекітіп тұратын ай сайынғы Жеткізу жоспарларына сәйкес «ҚТЖ -Жүк тасымалы» АҚ локомотив бөлімшелерінің қажеттіліктеріне 10%-ға дейін дизель отыны жеткізілді. Локомотив бөлімшелері үшін жеткізілімдер кезінде контрагентты таңдау да «PETROSUN» ЖШС-нің құзыретіне жатпайды, оны мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне сәйкес «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ дербес анықтайды.
- Биржалық сауда-саттықтағы сатып алушылар (ҚР Энергетика министрлігі бекітіп тұратын ай сайынғы Жеткізу жоспарларына сәйкес). Бұл ретте, «PETROSUN» ЖШС үшін 2023 жылдың қаңтарынан бастап биржада дизель отынын өткізу ҚР ЭМ-нің Жеткізу жоспарларында ескерілмеген.
- Екі немесе одан да көп аймақта орналасқан АЖҚС үшін компания Ресей Федерациясынан өз бетімен импорттаған отынды қоса алғанда, 40%-ға дейін дизель отынының көлемі жеткізілді. «PETROSUN» ЖШС контрагенттерінің ішінде жоғарыда аталған талапқа сай келетін АЖҚС желілеріне «Гелиос» ЖШС, «Sinooil» ЖШС, «Royal Petrol» ЖШС, «QazaqOil» ЖШС («Petroretail» ЖШС), «GazEnergy» ЖШС («Автогаз Трэйд» ЖШС) және «Газпромнефть» ЖШС АЖҚС-тары жатады.
- Қала құраушы өнеркәсіптік тұтынушылар үшін дизель отынының 2%-ға дейін көлемі жеткізілді.
- 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында компанияның жалпы дизель отыны ресурстарының қалған 23%-ы өңірлік мұнай базалары арқылы өткізу сату жолымен нарыққа басқа қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған болатын.

**«PETROSUN» ЖШС ресурстарымен елімізде жұмыс істейтін барлық АЖҚС-тардың 86 пайыздан астамы қамтамасыз етілетінін айта кеткен жөн.**

### 3. Мұнай өнімдерін сатып алу сауалдарынан үнемі бас тартулар.

Компания мұнай өнімдері нарығындағы жалғыз ресурс ұстаушы болып табылмайды. PETROSUN-нан басқа, басқа да бірқатар ұйым осындай қызметпен айналысуда. Дегенмен, мұнай өнімдері нарығындағы ең тартымды баға нәтижесінде мұнай өнімдерін сатып алуға сауалдардың негізгі бөлігі «PETROSUN» ЖШС-не түседі. Бұл ретте «PETROSUN» ЖШС-нің ресурстары шектілген. Компания қанша ықыласты әрі ниетті болса да, мұнай өнімдері нарығының барлық субъектілерінің сұранысын қанағаттандыра алмайды. Соңғысын растау үшін, 2023 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығындағы статистиканы келтіреміз:

- 4,1 млн тонна дизель отынын сатып алуға сауал түсті;
- «PETROSUN» ЖШС үшін кезең ішінде МӨЗ шығарған дизель отынының жалпы көлемі шамамен 1,3 млн. тоннаны құрады.

«PETROSUN» ЖШС-нен дизель отынын сатып алуға жүгінетіндердің барлығының сұранысын қанағаттандыру мүмкін емес екені анық.

#### 4. Компанияның мөлдір емес заңсыз қызметі.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (БҚДА) мұнай өнімдері нарығында үстем жағдайды иеленетін нарық субъектісі ретінде PETROSUN қызметіне тұрақты мониторинг жүргізеді.

2023 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында компанияда ҚР БҚДА, Бас прокуратураның аумақтық бөлімшелері және Қаржы мониторингі агенттігі тарапынан тексерістер мен тергеулер басталып, жүргізілді және жалғасуда.

«PETROSUN» ЖШС-нің мұнай өнімдерін сату бойынша қызметтің барлық нормалары, шарттары мен ережелері компанияның веб-сайтында жарияланған және нарыққа барлық қатысушылар үшін ешбір ерекшеліксіз бірыңғай болып табылады.

«PETROSUN» ЖШС компания қызметі қызықтыратын барлық тұлғаны, егер сұрақтары туындаса, ресми ақпарат көздеріне немесе тікелей компанияға жүгінуге шақырады. БАҚ-та және кез келген қоғамдық платформаларда шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттың жарияланғаны үшін «PETROSUN» ЖШС өз құқықтары мен абыройын қорғау үшін заңнамада белгіленген шараларды қолдану құқығын өзіне қалдырады.